

ISSN (Print) 2616-678X
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**
PHILOLOGY Series

№2(127)/2019

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Нұр-Сұлтан, 2019

Nur-Sultan, 2019

Нур-Султан, 2019

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	Ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	Ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	Ф.ғ.д., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	Ф.ғ.к. (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассоц. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	Ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	Ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.
Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 35 дана
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 12/1,
тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Dikhan Kamzabekuly**
Doctor of philology, academician of NAS RK (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof. (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof. (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satbayev str., of. 408, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31413)

© **L.N. Gumilyov Eurasian National University**

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, академик НАН РК (Казахстан)

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	Д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	Д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	Д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	Д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	К.ф.н. (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассоц. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	Д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	Д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	Д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	Д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	К.ф.н., и.о. доцент (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 408

Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.

Периодичность: 4 раза в год Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: +7(7172)709-500

(вн. 31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Мазмұны

Фольклор және әдебиеттану

<i>Аймұхамбет Жанат, Исебаева Аяужан.</i> Ертегілердегі «Жер асты әлеміне саяхаттау» мотиві777.....	8-14
<i>Аққұлы Сұлтан Хан, Жұмагүл Сағымбай, Кемеңгер Қайырбек.</i> Алаштың рухани мұрасындағы ашаршылық туралы тың деректер (1932-33 жылдар)	15-21
<i>Арыққарақызы Еркегүл.</i> Ақыт Үлімжіұлының «Мұнаджат хази әл-Хажат» туындысы (идеялық ерекшелігі)	22-28
<i>Әшімхан Талдаубек.</i> Тәуелсіздік әдебиеті контексіндегі Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасы	29-35
<i>Байтанасова Қарлығаш, Нұрлыбек Гүлбану.</i> Қазіргі қазақ прозасындағы фольклорлық мотивтер	36-44
<i>Ғұбайдуллина Айжан, Қорғанбеков Болат.</i> «Дариға қыз» және «Қисса Шәһизинда» дастандарының поэтикасы мен типологиясы	45-51
<i>Жанысбекова Элмира.</i> Қазақстанның қазіргі заман прозасындағы антикалық және інжілдік бейнелер мен сарындар	52-63
<i>Қамзабекұлы Дихан.</i> Түрік танзиматы: заман шындығының әдебиеттегі көрінісі	64-74
<i>Нуртаева Гүлнура, Үсен Айгүл.</i> Мұқағали Мақатаев поэзиясындағы ұлттық мотивтер	75-83
<i>Оразбай Сәуле.</i> Орхон-Енисей ескерткіштері мәтіндеріндегі тарихи тұлғалар бейнесі.....	84-90
<i>Теміртас Гүлсезім, Кемеңгер Қайырбек.</i> Сұлтанбек Қожанұлының қаламгерлік қызметі мен шығармашылығы	91-97
<i>Хамзина Қарлығаш, Қалыбекова Қаламқас, Күлейменова Ләйла.</i> Мағжан Жұмабаев поэзиясының типологиялық құрылымы	98-106
Лингвистика және әдістеме	
<i>Алиханқызы Гулия, Ахметбек Гүлжан.</i> Қытай тілін шетел тілі ретінде оқыту әдістері	107-115
<i>Аишаф Мұхаммед Аттия.</i> Мәдениетті лингвомәдени антропонимдер арқылы түсіну (орыс және араб антропонимдері негізінде)	116-121
<i>Гришина Арина, Гиздатов Газинұр.</i> АҚШ-тың қазіргі медиалық дискурсындағы мәдени кодтар	122-128
<i>Құлтанова Жанара, Құсайынова Райса.</i> Коммуникативтік мінез-құлық мәдениеті және ұлттық (этникалық) стереотиптер	129-134
<i>Жарқынбекова Шолпан, Оразаева Құралай, Петкова Сильвия, Қожамқұлова Гүлмира.</i> Студенттік орталықтандырылған білім беру және тиімді оқыту ортасы	135-146
<i>Ерланова Мадина, Жүнісова Жаңыл.</i> Қазіргі орыс тіліндегі бейузуал лексиканың сөзжасамдық әлеуеті	147-156
<i>Бейсенова Назерке, Исенова Фатима.</i> Бақыт Қайырбековтің лирикасындағы «махаббат» бейнесінің концептуалдық мазмұндағы жалпыадамзаттық және ұлттық тұжырымдамасы ..	157-162
<i>Қарагүлова Балгенже.</i> Қазіргі тіл білімінде жаңа сөздерді зерттеудің негізгі бағыттары.....	163-171
<i>Қалибекұлы Толқын.</i> Қытай және қазақ тілдерінің сөз тіркестеріндегі байланысу тәсілдері мен түрлері	172-184
<i>Манапбаева Жаннура, Сейденова Сәуле.</i> Реалияларды өзге тілдерге аудару барабарлығы (Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» романының орыс, ағылшын тіліндегі аудармалары)	185-192
<i>Өтелбай Гүлбайра.</i> М. Дулатұлының «Есеп құралы»: ұмытылған терминдердің мәні мен мәртебесі	193-200
<i>Смағұлова Гүлшат, Мұхаметқалиева Гүлнұр, Мұртаза Анипа, Балтабаева Гауһар.</i> Ислам терминологиясының Шығыс мәдениетіне енуі: Қытай	201-209
<i>Шәріп Амантай.</i> Қазақ поэзиясындағы «Жер-Ана» архетипі: генезис және трансформация	210-217

Contents

Folklore and Literary Studies

<i>Aimukhambet Zhanat, Issebayeva Ayauzhan.</i> Motive «Zher asty alemine sayachattay» («A travel to the underground world») in fairy tales	8-14
<i>Akkuly Sultan Khan, Zhumagul Sagymbay, Kemengger Kaiyrbek.</i> New facts about the famine in Alash's spiritual heritage (1932-33 years)	15-21
<i>Arykkarakysy Erkegul.</i> Produced by Akyt Ulimzhiuly «Munadzhat chazi al-Chazhat» (ideo feature)	22-28
<i>Ashimhan Taldaubek.</i> Roman-Hamza «Abaidyn zhumbagy» («Abai's mystery») of Ramazan Toktarov in the Context of Non-Sufficient Literature	29-35
<i>Baytanasova Kharlygash, Nurlybek Gulbanw.</i> Folkloric motives in modern Kazakh prose	36-44
<i>Gubaidullina Aizhan, Korganbekov Bolat.</i> Poetics and typology of the epics «Dariga khyz» («Dariga gir») and «Kissa Shachzinda» («Kissa Shaxzinda»)	45-51
<i>Zhanyzbekova Elmira.</i> Antique and biblical images and motifs in the modern Kazakhstani prose ..	52-63
<i>Kamzabekuly Dikhan.</i> Turcic tanzimat: a reflection of the age reality in literature	64-74
<i>Nurtayeva Gulnura, Usen Aigul.</i> The national motive in the poetry of Mukagali Makatayev ..	75-83
<i>Orazbai Saule.</i> An image of historical figures in the texts of Orkhon-Yenisei monuments	84-90
<i>Temirtas Gulsezim, Kemenger Kairbek.</i> Writing activities and creativity Sultanbek Kozhanov	91-97
<i>Khamzina Karlygash, Kalybekova Kalamkas, Kuleimenova Laila.</i> Typological structure of the poetry of Magzhan Zhumabayev	98-106

Linguistics and methodics

<i>Alikhankyzy Gulya, Akhmetbek Gulzhan.</i> Modern methods of teaching Chinese as a foreign language	107-115
<i>Attia Ashraf Mohamed.</i> Understanding culture through the prism of linguistic anthroponyms (Based on Russian and Arab anthroponyms)	116-121
<i>Grishina Arina, Gizdatov Gazinur.</i> Cultural codes in the modern media discourse of the USA ..	122-128
<i>Kultanova Zhanara, Kussainova Raisa.</i> Cultural and National (ethnic) stereotypes of Communicative behavior	129-135
<i>Zharkynbekova Sholpan, Urazayeva Kuralai, Petkova Sylvia, Kozhamkulona Gulmira.</i> Student-centered learning and effective learning environment	135-146
<i>Yerlanova Madina, Zhunusova Zhanyl.</i> Word-forming potential of non-usual dictionary in modern Russian language	147-156
<i>Beisenova Nazerke, Issenova Fatima.</i> The theme of «love» in the common human and ethnic concepts of the poet Bachyt Kairbekov	157-162
<i>Karagulova Balgenzhe.</i> New directions of neologisms research in modern linguistics	163-171
<i>Kalibekuly Tolkyn.</i> Ways of phrases formation and phrases classification in Chinese and Kazakh languages	172-184
<i>Manapbayeva Zhannura, Seidenova Saule.</i> Adequacy of translating realia into other languages (based on Smagul Yelubay's novel 'Ak boz uy' and its translations in the Russian and English languages)	185-192
<i>Otelbay Gulbaira.</i> «Esep kuraly» («Math textbook») of Mirzhakup Dulatuly: the meaning and status of forgotten terms	193-200
<i>Smagulova Gulshat, Mukhametkaliyeva Gulnur, Murtaza Anipa, Baltabaeva Gauchar.</i> Integration of Islamic terminology in Eastern culture: China	201-209
<i>Sharip Amantai.</i> The archetype «Zher-Ana» («Mother Earth») in Kazakh poetry: the genesis and transformation	210-217

Содержание

Фольклор и литературоведение

<i>Аймухамбет Жанат, Исебаева Аяужан.</i> Мотив «Жер асты әлеміне саяхаттау» («Путешествие в подземный мир») в сказках	8-14
<i>Аккулы Султан Хан, Жумагул Сагымбай, Кеменгер Кайырбек.</i> Новые данные о голодоморе в идеологических наследиях Алаша (1932-33 годы)	15-21
<i>Арыккарақызы Еркегуль.</i> Произведение Акыта Улимжиулы «Мунаджат хази аль-Хажат» (идейные особенности)	22-28
<i>Ашимхан Талдаубек.</i> Роман-хамса Рамазана Токтарова «Абайдың жұмбағы» («Тайна Абая») в контексте независимой литературы	29-35
<i>Байтанасова Карлыгаи, Нурлыбек Гулбану.</i> Фольклорные мотивы в современной казахской прозе	36-44
<i>Губайдуллина Айжан, Корманбеков Болат.</i> Поэтика и типология поэм «Дариға қыз» и «Қисса Шаһизинда»	45-51
<i>Жанысбекова Эльмира.</i> Античные и библейские образы и мотивы в современной прозе Казахстана	52-63
<i>Камзабекулы Дихан.</i> Тюркский танзимат: отражение действительности в литературе.....	64-74
<i>Нуртаева Гулнура, Усен Айгуль.</i> Национальные мотивы в поэзии Мукагали Макагаева	75-83
<i>Оразбай Сауле.</i> Образы исторических деятелей в текстах орхон-енисейских памятников	84-90
<i>Темиртас Гульсезим, Кеменгер Кайырбек.</i> Писательская деятельность и творчество Султанбека Кожанова	91-97
<i>Хамзина Карлыгаи, Қалыбекова Каламкас, Қулейменова Лейла.</i> Типологическая структура поэзии Магжана Жумабаева	98-106

Лингвистика и методика

<i>Алиханқызы Гулия, Ахметбек Гулжан.</i> Современные методы преподавания китайского как иностранного языка	107-115
<i>Аттия Ашираф Мохаммед.</i> Понимание культуры сквозь призму лингвоантропонимов (на материале русских и арабских антропонимов)	116-121
<i>Гришина Арина, Гиздатов Газинур.</i> Культурные коды в современном медиадискурсе США... ..	122-128
<i>Култанова Жанара, Қусаинова Райса.</i> Культурные и национальные (этнические) стереотипы коммуникативного поведения	129-134
<i>Жаркынбекова Шолпан, Уразаева Куралай, Петкова Сильвия, Кожамкулова Гульмира.</i> Студентоцентрированное обучение и эффективная обучающая среда	135-146
<i>Ерланова Мадина, Жунусова Жаныл.</i> Словообразовательный потенциал неuzuальной лексики в современном русском языке	147-156
<i>Бейсенова Назерке, Исенова Фатима.</i> Общечеловеческое и этническое в концептуальном содержании образа «любовь» в лирике Бахыта Каирбекова	157-162
<i>Карагулова Балгенже.</i> Основные исследования неологизмов в современном языкознании	163-171
<i>Калибекулы Толкын.</i> Способы и виды связи словосочетаний в китайском и казахском языках	172-184
<i>Манапбаева Жаннура, Сейденова Сауле.</i> Адекватность передачи реалий на другие языки (на основе романа Смагула Елубая «Ак боз уй» и его переводов на русский и английский языки)... ..	185-192
<i>Өтелбай Гүлбайра.</i> «Есеп құралы» («Учебник по математике») Миржакупа Дулатулы: значение и статус забытых терминов	193-200
<i>Смагулова Гульшат, Мухаметкалиева Гулнур, Муртаза Анипа, Балтабаева Гаухар.</i> Интеграция исламской терминологии в Восточной культуре: Китай	201-209
<i>Шарип Амантай.</i> Архетип «Жер-Ана» («Мать-Земля») в казахской поэзии: генезис и трансформация	210-217

ХҒТАР 17.01.09

Дихан Қамзабекұлы

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: dikhan.kamzabek@mail.ru)

Түрік танзиматы: заман шындығының әдебиеттегі көрінісі

Аңдатпа. Мақалада Түркия елін рухани жаңғыртып, оятқан Танзимат әдеби құбылысы сипатталады. Тарихи шындықты көрсеткен Ибрагим Шинаси, Намык Кемал, Абдулхамид Зия-паша, Абдулхак Хамид, Шемсеттин Сами-бей, Абуззи Тевфик, Ахмед Митхад, Реджаизаде Махмуд Акрам, Самипаша-заде Сезаи және т.б. жазушылардың еңбектері қарастырылады. Олардың еңбектері Т.Торайғырұлының, М.Дулатұлының, М.Жұмабайұлының, Чулпон және Фитраттың шығармашылығымен салыстырылып, «Йени османлы» және «Бірлік» ұйымдары, «Тержюман-и ахуал» мен «Қазақ» газеттері салыстырмалы түрде қарастырылады.

Түйін сөздер: түркі халықтары, танзимат, ағартушылық, азаттық, дін, білім беру, саяси қуғын, көркем аударма, тарихи сабақ.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-127-2-64-74>

Кіріспе. Басқа түрік халықтарына (мысалы, Ресей империясындағы түріктер) қарағанда Түркияда танзимат-ағартушылардың тездеп шығуы осы мемлекеттің тарихи жағдайына байланысты. Танзиматтар қазақтағы Ш.Уәлиханов, татардағы Х.Фаизханов, әзірбайжандағы М.Ф.Ахундов, өзбектегі А.Дониш т.б. ағартушылар сынды аса жеке-дара көрінбеді. Оларда бірігу, ұйымдасу, бағдарлама түзу, газет-журнал шығару байқалды. Сонымен бірге танзиматтар өркенді ағартушылықтың алғышарты – ана тіліндегі жазу-сызуды ретке келтіре бастады.

Бұл тұрғыдан танзиматтар Ресей империясының түрік халықтарындағы негізгі ағартушылық (біздің анықтамамыз) тұлғаларына ұқсайды. Осылай десек те, олардың қайсыбір бастамашылдығы біздердегі бастапқы ағартушылардың іс-әрекетімен орайлас.

Зерттелуі. Жаңа түрік әдебиетін «Жаңа османлы» ұйымына топтасқандар жасады. Олар: Ибрагим Шинаси (1826-1871), Намык Кемал (1840-1888), Абдулхамид Зия-паша (1825-1880), Абдулхак Хамид (1852-1937), Шемсеттин Сами-бей (1850-1904), Абуззи Тевфик (1848-1913), Ахмед Митхад (1844-1913), Реджаизаде Махмуд Акрам (1847-1913), Самипаша-заде Сезаи (1858-1936), т.б. [1].

Түркияның бақытты келешегі үшін бір жағадан – бас, бір жеңнен қол шығарған «Жаңа османлы» ұйымы саяси іс пен рухани іске біртұтас көзқараспен қарады. Әдебиет елді оятатын, ағартатын, жаңа өріске алып шығатын рухани күш ретінде ұғынылды. Осы орайда “Жаңа османлыны” қазақтың 1914 жылы Омбыда дүниеге келген тұңғыш қоғамдық-саяси ұйымы – «Бірлікпен» салыстыруға болады. Бұл ұйым да «ұлттықты сақтау, дамыту» мәселесінде әдебиетке сүйенгені мәлім.

Танзимат көсемі Ибрагим Шинаси 1860 жылы Түркияда тұңғыш рет ұлттық газет жариялады. Ол - «Тержюман-и ахуал» (Ахуалды түсіндіруші) газеті еді. Мұнан кейін И.Шинаси «Тасфири-и эфкяр» (Пікірді тәспірлеу), «Межмуаи фюнун» (Білім), «Мират» (Айна) газеттерін шығарды.

«Тержюман-и ахуал» – алаштың «Қазақ» газетіндей, маңызды және көп іске ізашар басылым еді. Үйткені ол өзінен кейін жиырмадан астам (1867-1887 жылдар аралығында) ұлттық мерзімді басылымдардың шығуына мұрындық болды [2, 22-23 б]. “Тержюман-и ахуал” газеті шекпенінен шыққан газеттердің атауы өмірдің, дүниетаным атауларының сан түрін қамтиды. Бұған қарап, түрік зиялыларының ізгі арманын түйсіну қиынға соқпайды.

Қазақтың «Алаш», «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Ұран», «Жас азамат», «Абай», «Садақ», «Балапан» т.б. газет-журналдарының атауы секілді, ұлт рухының тарихына дендете түседі. Бірлі-жарымын атайық: «Бисирет» (Ақыл-парасат), «Асыр» (Ғасыр), «Ибрет» (Өсиет), «Хаял» (Арман, қиял), «Мәдениет», «Истикбал» (Келешек), «Османлы», «Шарқ» (Шығыс), т.б.

Түркияда драматургия да танзимат кезеңінде дүниеге келді. Бұл саладағы алғашқы шығарма – И.Шинасидің «Ақынның үйленуі» (1859) атты комедиясы еді. Осы тұста мына фактыны айта кеткен орынды: танзимат идеясы Түркияның билеуші топтарынан қолдау тапқанымен, олар ағартушыларға толық еркіндік бере алған жоқ. Мұны түрік қоғамындағы консерватизмге аударғаннан гөрі, ескінің жаңаруды қаламаған түсінігінің салдары деп қабылдаған жөн. Сондықтан Түркия зиялылары азат елде тұрып азаттық үшін күресті. Ұлт газеттерін шетелде шығарған кездері аз болмады. Ал, қоғам кеселін түйреген «Ақынның үйленуі» сияқты И.Шинаси пьесаларын сахналауға ресми өкімет тыйым салды.

Мәселенің зерттелуі мен нәтижесі. Танзиматтар бір кезде (1839 жылы 3 қараша) «хатт-и шерифімен» (рескрипт) ағартушылыққа жол ашқан бақан (министр) Мұстафа Решид-паша сынды қайраткерлер толастамаса деп армандады. Бұл министр қаншама жас түрікті шетелге жіберіп оқытты. Мысалы, И. Шинаси Парижде дәріс алды. Қалған танзиматтар жаңа бағыттағы орта оқу орны – «рюшдиені» бітірген соң Франция, Англия, Испания, Швейцарияда білімін көтерді, немесе елшіліктерде қызмет жасады [2, 15-16 б.].

Орыс ағартушысы, көшбасшы ғалымы М.Ломоносов І Петр құрметіне ода жазғаны секілді, И.Шинаси де М.Решид-пашаға өлең арнады.

Olmus insana taassup bir unulmaz illet,

Husn-i tedbirin ile kultulur ondan millet, - дейді түрік ақыны [3, 29 б.]. Мұның

қазақшасы: *Надандық бір оңалмас дертіміз еді,*

Сенің дер кездегі шараңмен

милләт дертінен айығып отыр.

Дәл осы жайды С.Торайғырұлының «Таныстыру» поэмасындағы алаш қайраткерлеріне берген бағасынан және 1917 жылы Әлихан Семейге келгенде осы ұлы азаматқа арнаған өлеңінен көреміз. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы хақында ақын:

Кешегі қара күнде болмап па еді,

Бірі күн, бірі шолпан, бірі айым.

Солардан басқа кеше кім бар еді,

Қазақ үшін шам қылған жүрек майын, - десе [4, 147 б.], Алаш көсемі Әлиханға

арнаған өлеңінде:

Көш бастаған еріміз!

...Көкіректен бүгін кеткендей,

Сізді көріп шеріміз.

...Алаш туын қолға алған,

Қараңғыда жол салған,

Арыстаным, келіңіз! -деп жазады [5, 152 б.].

Бірақ қадірленуі ұқсас осы екі ұлт тұлғасының тағдырына жаратқан әр түрлі жолды бұйыртқан еді. Решид-паша тәуелсіз Осман империясының министрі, Ә.Бөкейхан отарланған елдің саяси қуғынындағы қайраткері болатын. Министрдің қарсыласы көп, қуғындағы қайраткердің хұқы шектеулі. Тағдырдың тарам жолы осы. Енді жаратқан кімге ауыр жол бұйыртқаны түсінікті.

Танзиматтың ел руханиятын жаңартуда Батыс пен ескінің озығына иек артқаны туралы түрік ғалымы **Хифзи Тевфик Гененсай** былай деп жазады: «Танзиматтан бастап Еуропаға бет бұру және бұрынғы дәстүрді жаңа сапаға көтеру қолға алынды. Саясатта ғана емес, идеологияда, мәдениет пен білім саласында ояну байқалды. Ұлт оқығандарында ертеңге деген сенім пайда болды. ...Еуропалық білім, исламдық сенім, адамзаттық дүниетаным әдебиеттің өзегіне айналды» [6, 5-12 б.].

Ибрагим Шинасидің әдебиеттегі бағытын Намык Кемал дамыта түсті. Ол отаншылдық тақырыбында бірнеше пьеса және прозалық шығармалар жазады. Мысалы, оның 1828-1829 жылғы орыс-түрік соғысын арқау еткен «Отан, яки Силистрия» атты пьесасы (1873) өз тұсында түрік халқына мейлінше қатты әсер еткен. Пьесаның бас қаһарманы сардар Ислам-бей жастардың идеалы болғанға ұқсайды. Сонымен қабат Н.Кемал – тұңғыш түрік романының авторы. «Әли-бейдің бастан кешкендері» атты (1876) ізашар романда, түрік әдебиетін зерттеушілердің пікірінше, халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жайы шынайы суреттеледі. Н. Кемал тарихи тақырыпта 1880 жылы «Жезми» атты роман жазған. Бірақ ол аяқталмаған.

Ғалым И.В. Боролина: «...Н.Кемал француз ағартушылары еңбектеріндегі тұжырымдарды ислам құндылықтарымен және түріктің ұлттық идеясымен ұштастырды» дегенді айтады.

Сонымен, танзимат түріктің жаңа әдебиетінің тұсауын кесті. Ал, бұл әдебиеттің бағыты қандай болды?. Бұл сұраққа жауапты біз **И.В. Боролина** еңбегінен табамыз. Ғалым: **«Түрік әдебиеті жылдам дамуды бастан кешіргендіктен, онда классицизм, сентиментализм және романтизм бағыттары бір мезгілде қатар көрінді. Ал, жетекші көркемдік тәсіл – романтизм болды»,** -деп жазады [1, 604 б.]. Егер мән бере қарасак, ХХ ғасырдың бас ширегінде қазақ әдебиеті де Түркия әдебиетіндегі тенденцияны бастан кешірді. Бұл туралы 20-жылдары Ж. Аймауытұлы, М. Әуезұлы, т.б. жазды. Мысалы, 1922-1923 жылы жариялаған **«Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі»** атты еңбегінде **Мұхтар: «Қазақ әдебиетінің буыны бекіп, қатарға кірерлік әдебиет болғандығын көрсететін сырышылдық-романтизм дәуірі болады»,** - дейді [7, 233 б.]. Бұл жерде қаламгердің әдеби бағыт туралы айтып тұрғаны түсінікті. Біздіңше, дәл осындай жағдай Ресейге қатысты түрік халықтары әдебиетінің көбінде болды.

Бұл шақта түрікте аударма кең өріс алды. Мысалы, **И. Шинаси – Расин, Фенелон, Лафонтен, Ламартин, Жильбер; Н. Кемал - Руссо, Монтескье, Вольней; А. Зия-паша – Мольер, Руссо, Вольтер; А. Хамид – Гюго, Мюссе; А. Мидхат – А. Дюма, Э. Сю, Поль де Кока** шығармаларын ана тіліне аударды. Көркем тәржіме хақында ғалым **Х. Кямилев:** **«Түрік ағартушылары Шығыстағы ағартушылар секілді, аударған шығармаларына “төл дәстүр-салтының” сипатын ендірді»,** - деп жазады [2, 40 б.]. Салыстыра бажайласак, бізде де аударманы «қазақыландыру» (шартты атау) дәстүрі болды. Мұны Абайдан (бастапқы ағартушылық) бастап Ж. Аймауытұлына (инерциялы ағартушылық) дейінгі қаламгерлердің шығармашылығынан көруге болады. Бірақ бұл кездегі қазақтың көркем аудармасын бірыңғай “қазақыланған” деп қарау дұрыс емес. Айталық, Абай мен Ыбырайдан Ахметке дейінгі аралықта түпнұсқа мәтінін мүмкіндігінше сақтау принципі аңғарылады.

Танзиматтар халық даналығынан нәр алды. Батыс лебімен дәстүрдің озығын дамытуды көздеді. Дін – олар үшін бір жағынан рухтанудың, екінші жағынан қорғанудың темірқазығы болды.

Намык Кемал:

Hakir olduysa millet sanina noksan gelir sanma,

Yere dusmekle cevher sakit olmaz kadr-u kiymetten, -дейді [8, 94 б.].

Мұны қазақшаға аударсақ:

Егер милләт қорлықта жүрсе, оның бағына нұқсан келді деп санама,

жерге түскен жауһар ешқашан, құнын, қадірін жоймайды. - деген мағына береді.

Осы Н. Кемал ұлт рухын көтеретін «Дара жапырақтар» атты еңбек те жазады. Мұнда ол тарихи қызметі ерекше бұрынғы-соңғы түрік сұлтандары мен ислам қайраткерлерін мадақтайды. Бұл – оның қара сөзі еді. Сондай-ақ ХІХ ғасырдың 60-жылдары француз Э.Ренанның исламды нақақ бұрмалаған кітабы шыққанда, Н.Кемал «Эрнест Ренанға қарсылық» атты памфлет жариялады.

Жаңа заманның білімін алған және сонымен һәм саф дінмен ұлтты ағартуға талаптанған қайраткер қашанда кішік күйінде қалу қажет. Мұндай жан халықпен біте қайнасады. Осы ойды дамытқан Ибрагим Шинаси мынандай қорытындыға келеді:

*Адамға сыпайылық жарасады,
Ал, менменшілдік – сайтан ісі /3, 64/.*

Мұндай ойды қазақ зиялылары да аз айтпаған. Мысалы, М. Дулатұлы «Оян, қазағында»:

*Майда бол жігіт болсаң тал жібектей,
Жақсы емес қатты болу тікенектей.
Ғылымың болса-дағы ұшан-теңіз,
Пайда жоқ өз халқыңа қызмет етпей,-дейді [9, 61 б.].*

А. Байтұрсынұлы мысалдарының (аударма) түсіндірмесіндегі:

Кейбіреу көтереді мұрнын көкке,

Өз әддін өзі білген адам көп пе?,- деген жолдар да [10, 59 б.] жоғарыдағы ойлармен орайлас.

Түрік танзиматтарының ішіндегі сыршылы – Абдулхак Хамид. Зерттеушілер бұл қаламгердің «Бұл – солар», «Жас-жұбайлардың тыныштығы», «Ержүректің қайғысы», «Менің ессіздігім» тәрізді өлеңдер жинағын шығарғанын жазады. Сондай-ақ оның қаламынан «Құлпытас», «Марқұм қыз» атты поэмалар мен «Сезімтал қыз», «Үнді қызы», «Тарық немесе Андалузияның жаулануы», «Тезер», «Эшбер», «Назифе» атты пьесалар туған.

Суреткер А.Хамид отаншылдық тақырыбын аса көркемдікпен жырлай алған. Оның шығармаларындағы оқиғалар көбінесе шетелде (Арабия, Үндістан, Испания, т.б.) өтеді. Мұндай көркем әдебиет амалы өнерде жиі кездеседі. Бұл арқылы автор шындықты ассоциациялап көрсетеді. Осы тәсілді біз өзбек қаламгері А.Фитрат шығармашылығынан аңғарамыз. Рас, ол ХХ ғасырдың басында Түркияда болды. Сондықтан мұны әсерге де жатқызуға болады. Ол дәстүр қазақта да кездесті. Абайдың ұлдары Мағауияның – “Медғат-Қасым”, Ақылбайдың “Зұлыс” поэмаларын жазуы – осыған дәлел.

Ақын Абдулхак Хамид түрік өлеңінің формасына мол жаңалық қосқан. Ол **дәстүрлі аруз өлшемін бұзып, поэзия пішініне еркіндік алып келді**. Бұл ретте ақынға француз әсерінің тигенін жоққа шығаруға болмайды. А. Хамид түріктің тұрмыс-тіршілігін, арман-мұңын жақсы білді. ХІХ ғасырдың 80-жылдары, бір жағынан танзимат қайраткерлері қуғындалып, екінші жағынан елде «зұлым» кезеңі орнап, ақыл-ойға бұғау салынғанда, ақын түріктің бір кезде даланың еркін перзенті болған шағын замандас көшпелілер тіршілігімен астастыра суреттеді. Тынысты тарылтқан, қос бүйірді қысқан қала тіршілігіне нәлет айтты.

*Бір кездері менің бас сауғалар жерім –
Көшпелілердікі секілді, дала болды.
Олар уақытын қалай өткізеді?
Мен қыр баласының жасағанын
Қала халқынан көргенім жоқ.
Көшпелілер тыныштық пен рақатта,
Қуанышта уақытын өткізеді [8, 5 б.],-дейді Абдулхак.*

Ақын үшін шаһар – **бейне. Ресмиліктің, есептің, еріксіздіктің бейнесі**. Қала дәл осындай кейіпте қазақ ақыны Мағжан жырларынан да көрініс тапқан. Кезінде «*алашқа қала оқу, жетілу, топтасу үшін керек*» деген ақын енді оның беймаза тірлігінен безеді. Ол ойша болсын, қиял пырағымен «**жүрегінде оты жоқ**» қаланы тастап шығады.

*Қарашы кейін бұрылып:
Таудай болып созылып,
Қала – бір жатқан дәу пері.
Айналасы – тұман, түн,
Дем алысы – от, түтін.*

Жарқ-жұрқ етер көздері.

Сөзі – у-шу, ың да жың

Сасық иіс ауыр тым.

Тұншықтым зой, құдай-ай!

Кейін қарап нетеміз.

Ауылға қашан жетеміз?

Айдашы атты, Сәрсембай!-деп жазады Мағжан [11, 71 б.].

Қала-дала мотиві өзбек ақыны Чулпон өлеңдерінде де ұшырасады. Өзбек – шаһарлы ұлт. Алайда ақынға табиғаттың төл баласы – дала, жайлау ыстық.

Тангри севги яратгондир,

Яйловларға тарқатгондир.

Урдалари бек-хонларнинг

Уясидир емонларнинг, -дейді Чулпон [12, 433 б.].

Өзбек ақыны қолданысындағы «бек-хан ордасы» - қала. Бұдан әлеуметтік астар іздеу қажет емес. Себебі ақынның бұл өлеңінің өзегі – сезім. Чулпонның «Дала жолдары» атты өлеңінде дала – ой мен сезім шырақшысы, дүниетанымның негізі бейнесінде суреттеледі.

Сонымен, **А. Хамид, М. Жұмабайұлы, Чулпон** үшін **дала – еркіндік, сезімталдық рәмізі**. Түрік халықтарының ағарту дәуірінде бұл рәміз аса қажет еді.

Түрік танзиматтарының ішінде шығармашылығы мен қайраткерлігі Алаш арыстарының жан-жақтылығын еске түсіретін тұлға – **Ахмед Мидхат**. Біріншіден, ол француз тілінен сансыз еңбек аударған. Бұл ретте түрік қаламгері танымдық, дидактикалық, ғылыми-ағартушылық дүниелерге көңіл бөлген. Сондай-ақ аудармада «түрікке түсінікті болу» принципін ұстанған. Орыстан Пушкинді, Толстойды, Лермонтовты тәржімелеген. Екіншіден, көп көркем шығарма жазған. Түріктің қарапайым тіршілігін қамтып 25 кітаптан тұратын «Қызықты уақиғалар» атты повестер сериясын, «Құлдық», «Үйлену», «Періште», «Он жеті жаста», «Филятун-бей және Рақым әпенді», т.б. әдеби-әлеуметтік романдар, «Түрік Парижде», «Еуропаға саяхат», «Ғалам кереметтері», т.б. танымдық еңбектер, «Янычарлар», «Сүлейман Мусли», «Дүниеге келу, немесе Стамбұлда болған жай» атты тарихи романдар жариялады. Үшіншіден, бірнеше газет-журнал шығарып, ұлтына өркениет, ғылым, сауаттылық мәселелерін там-тұмдап үйретуден жалықпады. Түрік тілінің заңдылығына сәйкестендіріп еуропа сөздерін енгізуде де А.Мидхат көзге түсті.

Ұлтына аянбай қызмет еткен осы қаламгер: «*Мен милләтіммен әдебиет тілімен сөйлесуге, оларды әдебиетпен ағартуға тырыстым. ...Көркем шығармаларымды қайта өңдеуге менде даярлық та, уақыт та болмады. Ел 99 пайыз сауатсыз кезде оларға бірыңғай көркем дүние ұсыну – аш адамға бір уыс талқан берудің орнына, тәтті жеміс ұсынумен бірдей еді*», - деп жазыпты [2, 113 б.].

1876 жылы Түркия ауыр кезеңге кірді. Ел басшысы қызметіне кіріскен сұлтан II Абдул-Хамид онсыз да өркендеп кетпеген түрік ағартушылығын зорлықпен тыйды. Елде қара реакция басталды. Ағартушылар шетелге қашты немесе жасырын жұмысқа көшті. Түркия тарихында 1876-1908 жылдар аралығы, яғни жас түріктер революциясына (1908) дейінгі уақыт «**зұлым дәуірі**» деп аталады. Бұл шақта Түркияға ел ретінде жойылып кету қаупі төнді.

Аталған кезеңде түрік танзиматы басқа сапаға өтті. Әдеби күштер «Сервети фюнун» («Білім қоры») журналына топтасты. Ғалым Х. Кямилев бұл топтың жетекшілері ретінде Тевфик Фикрет пен Мехмед Эминді атайды [3, 21-22 б.]. Сондай-ақ зерттеуші И.В. Боролина еңбегінен XIX ғасырдың 80-жылдары танзиматтар «батысшылдар» және «шығысшылдар» болып екіге бөлінгенін (біріншісінің басында – Р.М.Экрем, екіншісінің басында М.Наджи) оқимыз [1, 608 б.]. Біздіңше, «шығысшыл» делінген Муаллим Наджи, Мехмед Тевфик Чайлак шығармашылығы – қазақ әдебиетіндегі Шәді Жәңгірұлы, Ақылбек Сабалұлы, т.б. шығармашылығына ептеп ұқсайды. Десек те, түрік «шығысшылдарын» «дәстүршілдер»

деп атаған дұрыс секілді. Өйткені олар әдебиеттегі «батыс» бағытына белгілі дәрежеде қарсылық ретінде түріктің ескі өмірін идеализациялауға тырысқан. Ал, *Шәді, Ақылбек сынды қазақ шайырларының бағыты – табиғи шығысшылдық* (бүгінгі тілмен айтсақ, «батысшылдыққа оппозиция» емес).

1889 жылы, яғни «зұлым» режимі тұсында түрік зиялылары *«Иттихад ве теракки»* («Бірлік және прогресс») атты жасырын ұйым құрады. Бұл ұйымның мақсатына елдегі саяси күштерді топтастыру, «зұлым» режимін жою, халықты одан әрі ағартып, түрікшілдік идеясы төңірегіне жұмылдыру, Түркия бүйірін қысқан Батыс айла-шарғысынан құтылудың жолын іздеу кірді [13, 65 б.]. Бір ескерер жай: «Иттихад ве теракки» түрлі сапада ұзақ жыл жұмыс жасаған. Оның идеясы ХХ ғасыр басында Ресей империясына да келген. Бұл ұйымға негізінен мұсылман зиялылары кірген. Ғалым С.М. Исхаков (З.У. Тоған еңбегіне түсініктеме жазушы) аталған ұйымға Ә. Бөкейхан мен А. Байтұрсынұлының да кіргенін жазады [14, 610 б.].

«Иттихад ве теракки» ұйымы мен «Сервети фюнун» журналы төңірегіндегілер 1908 жылғы Түркиядағы зор өзгерістің атмосферасын жасады деуге негіз бар. Осы орайда *танзиматты дамытқан «халықтық-демократиялық ақындарының»* (Х. Кямилев анықтамасы) шығармашылығына назар аударалық. Тевфик Фикрет (1876-1915) өлеңдерінен үзінділер:

*Өз қыздарына білім бермеген милләт
Өз ұлдарын моральдық тұрғыдан бейшара етеді.
(«Жалғыз қыздар мектебі үшін»)*

*Зұлым тірі қалды, бұған себепші –
Баяулаған бір сәттік уақыт қана.
(«Баяулаған бір сәт»)*

*Отан өз ұлдарының иығында демалады,
Оның бар үміті қазір сенде, жас қауым!
(«Ертең»)*

Т. Фикрет өлеңдерінен «зұлым» кезеңінің шындығы анық байқалады. Мұнда жалпы ағарту мәселесінен гөрі, Отан, милләт, тақырыбы бірінші кезекке шығады. Сонымен бірге ұлтты рухтандыру да – Т.Фикрет поэзиясының негізгі өзегі. Өйткені, 1879 жылы Түркия банкротқа ұшырады да, амалсыз Батыс капиталына тәуелді бола бастады. «Зұлым» кезеңіндегі билік басындағылардың қателігі елді осындай бақытсыздыққа душар етті. Танзиматтар тұсында ептеп ағарған ұлт қараңғылық қойнауына қайта кірді. Зиялылар қуғындалды. Міне, осы шақта рухты өлеңдер қажет болды. Т.Фикрет поэзиясы осы өреден табылды. Ақын сондай-ақ ұлт тарихын күрес тәжірибесімен сабақтай отырып, «Ежелгі тарих» атты поэма жазды.

Танзиматты жаңа жағдайға сай дамытқан ақынның бірі – Мехмет Эмин Юрдакул (1869-1944). Қиын жылдарда оның «Түрік өлеңі» (1898), «Түрік сазы» (1908) атты жинақтары жарық көрді. «Отанға қауіп төнді» атты өлеңінде М.Эмин былай дейді:

*Милләтімізде ешқандай хұқық жоқ,
Үкімет әділетсіз, елін қорлайды.
Айнала берекесіздік, зорлық, зұлымдық.*

Бірақ осындай жағдайға қарамай, ақын жақсылықтың, жарқын күндердің келетініне сенімді. Сондықтан ащы шындықты айтқанымен, күйректікке салынбайды. «Балалар» атты өлеңінде ол:

*Балалар, елдің гүлденуі сендерге байланысты,
Сендер оның көз жасын сұртуге тиіссіңдер!-деп жазады. Ал, «Білім» атты өлеңінде ақын халық рухы жойылмаса Түркия жұрт соңында қалмайды деген ой айтады:
Біз қастерлеген арман мен үміт,
Тек ғылымның арқасында ғана жүзеге асады.*

Түрік әдебиетінің «зұлым» тұсындағы бағыт-бағдары белгілі дәрежеде Ресейлік түрік халықтары әдебиетінің ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы бағыт-бағдарымен ұқсас. Себебі, екеуі де қара реакция жағдайында дамыды. Екеуінде де күрескерлік сипат болды. Сондықтан бұл шақтың әдеби мұрасынан мол сәйкестік ұшырастырамыз.

Түркия үшін «басшы есалаң, ел алаң-алаң» кездегі таяныш-тірек – түрікшілдік идеясы еді. Өйткені османшылық – Түркияның ескі келбеті болатын. Түрікшілдік – дәл Түркия жағдайында халықшылдық деген мағына беретін. Біздің пікірімізше, ХХ ғасыр басында Түркияның «түрікшілдікке» аңсары аууын – қазақ зиялыларының «алаш» ұғымына аңсары аууының себебімен түсіндіруге болады. Яғни, сол шақта «Осман империясы» аталатын әлсіреген ел үшін «түрік» сөзі, Ресей империясындағы бодан қазақ үшін «алаш» ұғымы мен сөзі – байырғы айбардың, жаңа тұрпаттағы мемлекеттік идеяның рәмізі еді. Бұл ойымызды белгілі түрік санаткері, ақыны Зия Көкалыптың: **«Түрікшілдік – түрік ұлтын биіктету деген сөз»**, - деген пайымы [15, 12 б.] растайтын сияқты.

Күштеу негізінде пайда болған қандай империя болсын құлайды. Ал, мәдениет негізінде біріккен, ынтымақтасқан алып мемлекет дамып өркендейді. Түрік зиялыларының тарихтан алған сабағы осы еді. **«Түрік – ұлттың аты. Ұлт өзіне тән мәдениеті бар топ деген сөз. Ондай жағдайда түріктің бір ғана тілі, бір ғана мәдениеті болуы мүмкін»**, - деп жазды З. Көкалып [15, 18 б.].

Зия Көкалып (1876-1924) – Түріктің «Иттихад ве теракки» ұйымының қайраткері М. Эминнің «Мен түрікпін, дінім де, тегім де ұлы» деген райдағы түрікшіл өлеңдерін дамытқан.

*Тұран – біртұтас ел,
Мұнда жалғыз ғана тіл бар...
Бар түріктің талабы бір,*

Дін мен Отаны да бір...-деп жазады ол. Бұл ой З.Көкалыптың қарасөздерінде де көрініс тапқан. Қайраткер: **«Түрікшілдердің алыстағы мұраты – «Тұран» деген атау астында бірігіп отырған оғыздарды, татарларды, қырғыздарды, өзбектерді, якуттерді тілде, әдебиетте, мәдениетте біріктіру. ...Мұрат – болашақты жаратушы»**, - дейді [15, 19-20 б.].

